

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Пруденциалдық нормативтер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге өзгерісті бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы 2000 жылғы 25 қараша N 435 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1345 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының " Пруденциалдық нормативтер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге өзгеріс бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л с і н .

2. 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі кезеңде банктің бір заемшыға ең жоғары тәуекелін есептеген кезде басқа банктерде осы банк ашқан корреспонденттік есепшоттар бойынша олардың міндеттемелерін есепке а л м а й т ы н б о л с ы н .

3. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге өзгерісті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге өзгерісті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына

және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 25 қарашадағы
N 435 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "
Пруденциалдық нормативтер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 23
мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер
туралы ережеге өзгеріс

1. 3.2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір заемшыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерін есептеген кезде Ұлттық Банктің банк алдындағы міндеттемелерінің кез келген түрі, сондай-ақ тізбесін Ұлттық Банктің Басқармасы белгілейтін кез келген рейтинг агенттіктерінің "А" рейтингінен төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингі бар басқа банктерде осы банк ашқан корреспонденттік есепшоттар бойынша олардың міндеттемелері есепке алынбайды."

Төраға

Мамандар:

О м а р б е к о в а А . Т .

Шарипова М.Е.